


**«Кәкімбек Салықов атындағы орта  
мектеп» КММ жанындағы  
«Айналайын» шағын  
орталығының жұмысын  
ұйымдастыру туралы Ереже**

**КЕЛІСІЛДІ:**


кәсіподақ ұйымының төрағасы

А.Б.Шопанова 

« 26 » тамыз 2025 ж

**БЕКІТЕМІН:**

мектеп директоры

А.К.Уайсова 

«27» тамыз 2025 ж

**ҚАБЫЛДАНДЫ**

Педагогикалық кеңесте

Хаттама № 1 «26» тамыз 2025ж.

**«Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп» КММ жанындағы  
«Айналайын» шағын орталығының жұмысын ұйымдастыру туралы  
Ереже**

**I. Жалпы Ереже**

1. Осы Ережеде «Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп» КММ қарасты «Айналайын» шағын орталығының қызметін ұйымдастыру болып табылады. Шағын орталық толық күн, яғни 10,5 сағат жұмыс жасайды. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталықтар қызметінің тәртібін айқындайды.
2. Шағын орталық Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы әкімдігінің «Күндізгі мектепке дейінгі балалардың шағын орталығын құру туралы» 2022 жылғы 22 желтоқсандағы № 294 қаулысымен және мектеп Жарғысымен 3-5 жас аралығындағы балаларды жан-жақты дамыту және баланы тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыруда, балаларды әлеуметтік бейімдеуде олардың ата-аналарына әдістемелік кеңес беруді қолдау мақсатында құрылды.
3. Шағын орталық өз жұмысын мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде жүзеге асырады.
4. Шағын орталықтың негізгі міндеттері:
  - 1) балаларды ерте жастан әлеуметтендіруді қамтамасыз ету;
  - 2) әрбір баланың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін есепке ала отырып, балалардың ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық, эмоциялық, танымдық қабілеттерін дамыту;
  - 3) балалардың денсаулығын сақтау;
  - 4) балаларды күтіп-қарауды ұйымдастыру;
  - 5) балалардың дамуындағы ауытқуларды уақытында түзеу;
  - 6) ата-аналарға педагогикалық-психологиялық кеңес беру болып табылады.
5. «Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп» КММ-нің мектепке дейінгі шағын орталық құрылымдық бөлімшесі ретінде құрылған.
6. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында мемлекеттік қызмет көрсету» Мектепке дейінгі шағын орталыққа балаларды қабылдау және

шығару Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығын басшылыққа ала отырып жүзеге асырады.

7. Шағын орталық өз қызметінде мынадай нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңы;
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы;
- Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі;
- «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидалары;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;
- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары;
- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары;
- Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
- Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары;
- Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары;
- Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары;
- Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шарты;
- Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары;
- Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары;
- Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары;
- Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі;
- Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі;

- Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері;
- Мектепке дейінгі ұйымдарда Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі;
- Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар;
- «Үздік педагог» атағын беру қағидалары;
- Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары;
- Педагогтік қайта даярлау қағидалары;
- Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидалары;
- Өрт қауіпсіздігі қағидалары;
- Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық;
- Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі.

## **II. Мектепке дейінгі шағын орталықты ұйымдастыру шарттары**

1. Түрлері: дамытушы 3-5 жас аралығында.
2. Келу уақыты бойынша: күндізгі, толық күн.
3. Шағын орталық сағат 08.00-18.30-ға дейін, күніне 10,5 сағат жұмыс жасайды. Шағын орталықтың топтары оқу жылының басында, яғни, 1-қыркүйекте жинақталады. Балаларды қабылдау жыл бойы жүргізіледі.
4. Шағын орталықтың жұмыс істеу тәртібі және балалардың оған келу уақытының ұзақтығы ішкі тәртіп ережесімен айқындалады.
5. Шағын орталықта санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға, өрт қауіпсіздігінің ережелеріне жауап беретін жас ерекшеліктерін ескере отырып жабдықталған және безендірілген ойын, жатын, тазалық бөлмелері бар.
6. Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында аралас бір топта жасақталған
  - 1) ортаңы топ – 3 жастағы балалар;
  - 2) ересек топ – 4-5 жастағы балалар.
7. Шағын орталықтың шаруашылық, педагогикалық және медициналық қызметіне басшылық ету және бақылауды шағын орталық әдіскері және мектеп директоры жүзеге асырады.

8. Шағын орталықта балалардың тамақтануы ата-аналар есебінен жүзеге асырылады.

### III. Мектепке дейінгі шағын орталықтың білім беру процесінің мазмұны

1. Шағын орталық білім беру қызметінде:

1) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын;

2) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын;

3) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын басшылыққа алады.

Шағын орталық педагогі келесі функцияларды атқарады:

- перспективалық жоспарды және циклограмманы құрастырады, «Баланың жеке даму» картасын толтырады;

- ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізеді;

- таңертеңгі қабылдау, таңертеңгі гимнастика, балалар әрекетінің түрлері (ойын, шығармашылық, танымдық, эксперимент жасау, дербес және т.б), серуен, жеке жұмыс ұйымдастырады;

- балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг (бастапқы, аралық және қорытынды) жүргізеді;

- ата-аналармен балаларды тәрбиелеу мен дамытуды ықпалдастыра жүзеге асырады;

- білім беру ұйымдарында өткізілетін іс-шараларға қатысады;

- ертеңгіліктерді, мерекелер мен ойын-сауықтарды, спорттық іс-шараларды және т.б ұйымдастырады және өткізеді.

2. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес мектепке дейінгі шағын орталық өз қызметін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

1) 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы (Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі);

2) 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі.

3. Мектепке дейінгі шағын орталықтағы штаттық саны мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарымен белгіленеді.

4. Мектепке дейінгі шағын орталықтағы педагогтардың құқықтары мен міндеттері :

✓ Мектепке дейінгі шағын орталықтағы педагогтарды «Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп» КММ директоры өтініш және еңбек шартын құру негізінде тағайындайды және босатады.

✓ Білім алушылардың өмірбейімділігін жетілдіруде жоспар құрып тәрбиелеуді жүзеге асырады;

✓ Білім беру стандартын ескере отыра тәрбиелеу мен оқытуда әртүрлі педагогикалық әдістер мен тәсілдерді пайдалана алады;

✓ Үш жылда бір рет жұмыстан тыс өз білімін жетілдіреді;

- ✓ Шағын орталық педагогтары өз санатын көтеру мақсатында бес жылда бір аттестациядан өтуге құқылы.
- 5. Балалар мен қызметкерлерге медициналық көмек көрсетуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар **"Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"** санитариялық қағидалары бойынша орындалады.
- 6. Мектепке дейінгі шағын орталықта төрт мезгіл ыстық тамақ ұйымдастырылған. Балаларға арналған асты арнайы білімі бар аспаз дайындайды.
- 7. Балалардың төсек орнын тазалау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің санитарлық ережелері мен нормаларына сәйкес арнайы кір жуатын орында 7 күнде 1 рет тазартылады.
- 8. Мектепке дейінгі шағын орталықтың қызметкерлері тәрбиелеу мен оқыту процесі кезінде балалардың денсаулықтарын сақтау және өмірін қорғауды қамтамасыз етеді.

